# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№06 (36), шілде, 2012 жыл





## ДЕМАЛЫСТАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

*«Алау» балалар лагерінде алғашқы жаздық маусымның ашылуы болды*

# ҚАЛАМҚАСТА ЖАҢА ЖАТАҚХАНАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ



**Қаламқас кенорнында 13 маусым күні мұнайшыларға арналған екі жаңа жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Жатақхананың әрбіреуі 25 орынға есептеп салынған.**

Жаңа жатақханалар барлық санитарлық және тұрмыстық талаптарға сәйкес келеді. Әрбір бөлме екі адамға лайықталған, екі орталық торабы жасақталған. Бөлмелерде шыныпластикалық терезелер мен сплит-жүйелер қондырылған. Қорыта айтқанда, ауысымдағы қызметкерлерге жайлы да қауіпсіз жағдайларда жұмыс жасау үшін барлық жағдайлар қарастырылуда.

Жыл басынан бері Қаламқас кенорнында екі жатақхана күрделі жөндеуден өткізілген. Тұрғын-жайларда толықтай терезе, есік, еден, жылыту жүйелері, торап жүйелері және т.б. ауыстырылған. Жыл соңына дейін тағы да басқа төрт жатақхананы күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

2013 жылы кенорындарда тағы да екі жаңа жатақхананың құрылысы басталмақ, сондай-ақ тұрғын-жайларды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жалғасады.

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

**Жетібай кентінің тұрғыны «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнаймен ластанған жерлерді тазалау бөлімінің 1-санатты тазалаушысы 26 жастағы Бауыржан Мақтанов қиын кезеңді басынан өткерді. 2008 жылы электр желісінің олқылықтары әсерінен Бауыржанның үйі өртеніп кеткен болатын. Араға үш жыл салып 2012 жылдың 21 наурызында белгісіз себептермен дәл осы жағдай қайталанып, Мақтановтар тұрып жатқан үй өртке оранды. Өкінішке орай, осы оқиға барысында Бауыржанның ағасы өмірмен қоштасты. Жұмыссыз әрі ауру анасы мен інісі Бауыржанның қолына қарап қалды. Міне, осындай ауыр шақта «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ұжымы әріптестерін қиындықта қалдырмады.**



- Мақтановтар жанұясында орын алған ауыр жағдайды ести салысымен, оларға тез арада көмек беру туралы шешімге келдік, - дейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Құдайберді Досаев. – Мен барлық цех басшыларына орын алған оқиға туралы айтып, әріптесіміздің басындағы қиын жағдайды баяндап бердім. Сол мезетте көмек қолдарын созған өз әріптестерімізге үлкен алғыс айтқым келеді. Бұл біздің ұжымның бірлігі мен қай уақытта да көмектесуге әзір екендіктерінің дәлелі. Қапияда ағасы мен баспанасынан қатар айрылған жастың қандай қиын жағдайда тұрғанын жете түсініп, еш ойланбастан ақшалай көмек жасау үшін қаржы жинай бастадық.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнайшыларынан жалпы алғанда 500 000 теңге жиналды. Жақында бұл қаржы Бауыржанның анасына тапсырылды. Сонымен қатар, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Мақтанов Бауыржанға сомасы 500 000 теңге бір мезеттік материалдық көмек көрсетті. Осылайша, бір миллион теңге жиналды, ал бұл жаңа үй салып бастау үшін аз сома емес. Әрине, бұл ақша үйді толық салып бітіруге жеткіліксіз, бірақ әріптестер Бауыржанға бұдан әрі де көмек беруді тоқтатпаймыз деп отыр.

- Бауыржанның қайғысы барлығымыздың да қабырғамызға батты, - дейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МЛЖТБ бастығы Ақберген Алдашев. – Оның біздің ұжымда қызмет еткеніне 6 жылдай уақыт болды, осы уақыт ішінде ол өзін жауапты әрі сенімді қызметкер ретінде көрсете білді, әріптестері арасында құрметке ие болды. Қиын кезеңде жақын-жуықтың көмегі әрдайым маңызды. Осы ретте әріптесімізге көмектерін аямаған «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ұжымына алғыс айтамын.

Өз кезегінде Бауыржанның анасы - Әсия апа мұнайшыларға рахмет айтып, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ұжымына барлық жақсылықтарды тілеуді ұмытпады.

**Қазақстан полициясы күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызметкерлері құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.**

# ПОЛИЦИЯ КҮНІМЕН!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Асқар Рзаханов Ақтау қалалық ІІБ қызметкерлерін құттықтай отырып, бүгінде ішкі істер органдары заңның сақталуы мен қоғамдағы қатаң тәртіптің орнауы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз ету бағытында лайықты қызмет атқарып жүргендерін атап өтті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы атынан Асқар Рзаханов Ақтау қалалық Ішкі Істер Басқармасына теледидар тарту етті.



# ИТОГИ КОНКУРСА «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ»

## ИСТОРИЯ ПИШЕТСЯ ПО-ИСПАНСКИ

**Итак, очередной чемпионат Европы по футболу завершен. 1 июля жирную точку в финале ЕВРО – 2012 поставила сборная Испания разгромившая команду Италии. Таким образом «красная фурия» переписывает историю, став первой командой трижды подряд побеждавшей на международных турнирах. К победе на Евро-2008, чемпионате мира 2010 в ЮАР, подопечные Висенте Дель Боске добавили Кубок ЕВРО-2012. Сборная Италии завоевала серебряные медали, «бронзой» довольствовались португальцы во главе с Криштиану Роналду и немцы, которых до начала турнира многие причисляли к фаворитам континентального первенства. Чемпионат завершен, победители и призеры известны, а значит, самое время подвести итоги нашего конкурса «Футбольный бум».**



В конкурсе приняли участие более 400 работников АО «Мангистаумунайгаз», которые прислали в редакцию почти 500 купонов со своими вариантами призеров ЕВРО-2012. Подавляющее большинство нефтяников видели в финале чемпионата сборные Германии и Испании, но дубль итальянца Марио Баллотели в полуфинале лишил немцев шансов на «золото», а почти добрую половину наших участников – лишил шансов победить в конкурсе. Немалое количество работников АО «Мангистаумунайгаз» поставили и на сборную России. После того, как Аршавин и компания в товарищеских матчах сыграли вничью с бронзовыми призерами чемпионата мира командой Уругвая и разгромили сборную Италии, шансы россиян оценивались очень высоко. Уж во всяком случае, почти 30% участников нашего конкурса верили, что подопечные Дика Адвоката пробьются как минимум в полуфинал, но ничья с хозяйкой турнира командой Польши, а затем и поражение от греков, отправили россиян домой. Сенсацию со знаком «минус» сотворила и сборная Голландия, которая вообще не смогла выйти из группы. Правда, стоит отметить, что это была так называемая «группа смерти» (Германия, Португалия, Дания и Голландия). А ведь многие наши коллеги полагали что «оранжевые» уж точно поборются за медали.

Впрочем, не все нефтяники ставили на явных фаворитов турнира. Присылали купоны и с вовсе невероятными вариантами – например: Ирландия, Польша, Греция и Хорватия или Дания, Швеция, Украина и Чехия. Впрочем, как мы уже и писали, большинство участников считало, что золотые медали разыграют сборные Испании и Германии.

**Вот, например, прогноз Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» А.М. Магауова:**

1. **Германия**
2. **Испания**
3. **Россия**
3. **Франция**

Точно такой же прогноз дал и начальник ПУ «Жетыбаймунайгаз» Б. Сейтмаганбетов.

**А заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по социальным и административным вопросам А.К. Рзаханов предположил что, первое место оспорят Испания и Россия.**

1. **Испания**
2. **Россия**
3. **Германия**
3. **Франция**

Итак, настала пора подводить окончательные итоги нашего конкурса. С большим сожалением, мы вынуждены констатировать, что ни один из участников, не смог дать абсолютно точный прогноз. Тем не менее, АО «Мангистаумунайгаз» решил наградить девять участников конкурса, которые угадали трех из четырех призеров (при этом они точно спрогнозировали, что чемпионом станет Испания, «серебро» завоюет Италия, а также точно угадали одного из бронзовых призеров ЕВРО-2012).

### Победители конкурса:

- **А. Намаз – инженер ПТО ПУ «ЖМГ»**
**(Испания, Италия, Германия, *Франция*)**
- **А. Серикбаева – экономист ДБПиЭА**
**(Испания, Италия, Германия, *Англия*)**
- **К. Шохарбаев – машинист ЦКППН**
**(Испания, Италия, Германия, *Дания*)**
- **С. Жаймагамбетов – начальник ЦПТЖ ПУ «КМГ»**
**(Испания, Италия, Германия. *Франция*)**
- **А. Бехруз – охранник Службы Безопасности АО «ММГ»**
**(Испания, Италия, Германия, *Нидерланды*)**
- **А. Акшаева – стажер ДАВиСР**
**(Испания, Италия, Германия, *Анлия*)**
- **Р. Балгаева – лаборант ДТБиООС**
**(Испания, Италия, Германия, *Россия*)**
- **Р. Узакбаев – химик ЦНИПР ПУ «КМГ»**
**(Испания, Италия, Германия, *Россия*)**
- **Е. Есиркепов – слесарь-ремонтник ПУ «КМГ»**
**(Испания, Италия, Германия, *Россия*).**

# ПОЗДРАВЛЯЕМ ПОБЕДИТЕЛЕЙ!



# ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ:
## өркендеу мақсатындағы әріптестік



**Қазақстан мен Қытай жақын көршілер. Қос мемлекет экономикалық және саяси салаларда өзара тиімді әріптестікте, сондай-ақ аймақтағы тұрақтылықтың сақталуына да айрықша үлес қосушы елдер болып табылады. Бұл экономикасы үнемі тұрақты даму үстіндегі және әлемдік қаржылық дағдарысты да сәтті еңсерген мемлекеттер болып табылады. Қытайдың жетекші мұнай компанияларының бірі «CNPC» Қазақстанның мұнай-газ кәсіпорындарымен тығыз байланыста. «CNPC» «ҚазМұнайГаз»компаниясымен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акционері болып табылады. Сондықтанда қытайлық компанияның қызметкерлері қазақстандық әріптестерімен тәжірибе алмасып, білгендерін үйретуге әрқашан әзір. Ай сайын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері «CNPC» құрылымына кіретін қытайлық мұнай компаниясында оқу-үйрену курстарында болып қайтады. Осы ретте Қытайда біздің әріптестеріміз қандай өндірістік және өнеркәсіптік нысандарға барды, жаңадан не нәрсе үйренді, қандай сабақ алды: міне осының барлығы туралы біз ай сайын «Қазақстан – Қытай: өркендеу мақсатындағы әріптестік» атты жаңа айдарда әңгімелейтін боламыз.**



**Қарайшықов Ерлан – Өндірістік департаментінің ұңғыларды бұрғылау және жөндеу бөлімінің менеджері**

Мен Қытайға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Атырaумұнайгаз» АҚ және «Степной Леопард» ЖШС 18 қызметкерінен құралған топпен ұшып бардым. Пекиннің аэропортында бізді қытайлық әріптестеріміз жылы қарсы алды. Алғашқы күннен бастап-ақ Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясы ұйымдастырған оқуға (кенорындарды барлау бойынша біліктілікті көтеру курсы) кірісіп кеттік. TOGOILTOOLS (ООО «Хуаньюй») компаниясының перфорация тақырыбы бойынша дайындаған материалдарымен танысқаннан кейін, Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясының техно-логияларды жетілдіруші тобының өкілдерімен кенорындардағы коррозиялар және оған қарсы қолданылатын технологиялар бойынша



тәжірибе алмасу жүргізілді. Біз металдардың коррозиясы, мұнайөнеркәсіп жүйесінің коррозиясы және ондағы құрал-жабдықтарды коррозиядан қорғау және коррозияға мониторинг жасау әдісі сияқты мәселелерді қозғадық. Бұл тақырып біз үшін өте қызықты болды, себебі Қытай Болат қоспасын зерттеу институтының арнайы тобы біздің кенорындарда болып, коррозияға қатысты мәселелерді кең көлемде анықтап, қомақты талдау жұмыстарын жасаған екен. Мен топтың атынан курсты ұйымдастырушыларға және аталмыш институттың профессоры Жан Жо Ё мырзаға мазмұнды да пайдалы ақпараты үшін ризашылығымызды білдіріп, ғылым бағытындағы істеріне шығармашылық табыс тіледім.

Әрі қарай біз тік ұңғының жерқабаттарын аралық жиілікпен қысым арқылы жару технологиясымен таныстық. Бұл да өз кезегінде өте қызықты тақырып болды. Аталған технологияны қолдану барысында бірнеше жару жұмысын бір мезгілде жүзеге асыруға болады (бұл технология толығырақ танысуды керек етеді). Біздің Қытайдағы алғашқы күніміз осылай өтті.

Келесі күні біз жүрдек пойызбен Пяньцзянь қаласына кеттік (пойыздың орташа жылдамдығы 145км/сағ). Қала жаңадан бой көтеріп келе жатқан жас қала екен, өзіміздің Ақтаумен аздаған ұқсастықтары да байқалды. Жол жиектерінде отырғызылған ағаштарға түгел дерлік тіреу қойылғанына қарап, қала ашық жерде, жел өтінде орналасқан екен деп ой түйдік. Төртінші күні тобымызбен Ляохэй кенорнындағы Мұнайды кешенді дайындау және айдау цехында болдық. Әдеттегідей картина – сораптар, бірақ цехтарда тәртіп пен тазалық басты орында екені көрініп тұрды. Пяньцзянь қаласында оқу-үйренуді жалғастырдық. Біздің назарымызға Ляохэй кенорны жанындағы өндіру және бұрғылау Институтының ғылыми қызметкерлері дайындаған материалдар ұсынылды. Олар:

- тік ұңғыдағы қабатты жару технологиясы және жазық ұңғыдағы аралық жиілікте қабатты жару технологиясы;
- Ляохэй кенорнындағы пішінді химиялық суайыру және модификациялау технологиясы;
- мұнай кенорындарын игеру кезіндегі суды бір мезетте-бөлек айдау және оны қолданудың тиімділігін бағалау;
- колонналардағы бұзылуды оқшаулау технологиясы, колоннаның сыртындағы ағынды жою, бөлек коллекторлардағы айдау технологиясы және т.б.

Бұл таныстырылымдардың барлығы дерлік қосымша оқып-үйренуді талап етеді (дайын тәжірибелікматериалдармен танысып, бұл технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, өз керегімізге жаратуымыз қажет деп санаймын).

Оқып-үйрену нәтижесінде «Үздік біліктілікті көтеру курсынан өту туралы» диплом табысталды.

Бесінші күні топқа демалыс берілді. Біз теңіздің аржағындағы Далянь қаласына ұшып кеттік. Біздің жол көрсетушіміз (орысша аты –Андрей) өз қаласының тарихын жетік білетіндігімен таңқалдырды. Далянь – бұл Ляодун жартыаралындағы



Солтүстік-Шығыс Қытайдағы теңіз аумағында орналасқан теңіздегі халықаралық демалыс орталығы әрі курортты-санаторийлік емделу орны, жап-жасыл, әсем қала екен.

Ал соңғы күні Ұлы Қытай қорғанын көру мүмкіндігіне ие болдық. Қорғанның алғашқы құрылысы көшпелі хунну (бұлар кезінде Европаға қарай қоныс аударып, кейін Хунгария-Венгрияда тұрақтап қалған ғұндар болуы мүмкін) халқының жорықтарынан қорғану үшін салына бастаған. Құрылыс жұмыстарына елдің сол кездегі халқының бесінші бөлігі, яғни шамамен миллиондай адам қатысқан. Қорғанның бір шетінен екінші шетіне дейінгі ұзындығы – екі мың бес жүз километр. Біздің топтан жеті адам ұлы Маоның талабын орындап, қорғанның ең биік мұнарасына шығып батыр атағына ие болды, олар – Көшкінбаев Талап, Төлесін Темірхан, Мырзағалиев Равиль, Нұранов Бек, Бекқа-лиев Орынғали, Қарайшықов Ерлан, Махуов Балтабек.

Сөз соңында, топ жетекшісі ретінде, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасына оқу-үйрену курсынан өту арқылы көптеген маңызды әрі пайдалы ақпараттарды игеруге және Қытай елінің тарихы мен мәдениетін танып-білуге мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын. Сондай ақ «Туха» университетінің өкілдеріне (Си Сень Хо мырза мен оның командасына) қонақжайлығы, ұстамдылығы мен шыдамдылығы, бізге барлық жағдайларды жасап, оқу-үйрену курсын шебер ұйымдастырғандары үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.



**Нәбиев Әділбек - Өндірістік департаменті өндірістік-техникалық бөлімінің аға инженері**

-Мен Қытайға «Техника мен қайта жасап шығару жөніндегі Қытай Мұнай Корпорациясы» Мемлекеттік кәсіпорнының шақыртуы бойынша алты адамнан құралған топпен бардым.

Аэропортта бізді СРТДС Қытай компаниясының өкілдері қарсы алып, келесі күні Қаламқас және Жетібай кенорындарындағы мәселелерді талқылау үшін үлкен жиналыс өткізілді. Екі күнге созылған жиналыста Қытайдың алты ғылыми институтының өкілдері қатысты.

Одан кейін біздің топ тербелме-станоктар мен бұрандалы сораптарды жасап шығаратын зауыт, сондай-ақ Азотты құрылғыларды дайындау зауыттары орналасқан Дунин қаласында болды. Зауыттың территориясына келгенде бізді зауыт басшылығы күтіп алып, зауыт өнімдерінің таныстырылымын өткізді. Одан ары қарай мұнай құрал-жабдықтарын жасап шығаратын өндірістік алаңдарды араладық. Қытайлық әріптестер біздің келу сапарымызға тиянақты дайындалғаны көрініп тұрды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған қарсы алу сөздері жазылған плакаттар барлық жерлерде ілініп қойылған. Ең бірінші ерекше көзге түскені – өндірістік алаңқайлардағы тазалық пен тәртіп болды. Зауыт басшылары бізге дайын өнім жасалып шығарылатын құрал-жабдықтар мен материалдарды көрсетті. Барлық дайын өнім міндетті сыртқа шығу тексеруінен өткізіледі. Сондай-ақ біз жылжымалы Азотты құрылғыларды дайындайтын өндірістік базаларда болдық. Біздің назарымызға аталмыш құрылғы дайындалатын құрал-жабдықтар ұсынылды, сонымен қатар дайын өнімдерді сынақтан өткізу барысын да көру мүмкіндігіне ие болдық. Өнім дайындалуы басынан аяғына дейін қатаң бақылауды болады, сондықтан жасап шығарылған өнім өте жоғары сапада дайын болады. Дайын өнім тек ішкі ғана емес, сонымен қоса әлемдік нарыққа да шығарылады.

Бұдан кейін біз Flottweg компаниясының өндірістік алаңдарын араладық. Қытай-герман бірлескен компаниясы ерімейтін тамшылары бар сұйықты жасап шығаратын құрал-жабдықтарды дайындайды. Компания өнімдері әлемдік нарықта жоғары сұранысқа ие.

Колтюбингті қондырғылардың технологиясымен танысу үшін біздің топ Ухань қаласындағы (Хубей провинциясы) зауытта болды. Зауыт басшылығымен кездесуде біз өзара ұзақ мерзімді әріптестіктің кейбір мәселелерін талқыладық.

Жалпы алғанда, сапар бізге өте ұнағанын, қытайлық әріптестер бізді өте жылы қарсы алғанын атап айтқым келеді. Шанхай және Гуанджоу қалалары тазалығымен, жолдарының сапалылығымен таңқалдырды. Машиналар көп, алайда жолда ешқандай кептелістер жоқ.

Өзіме бұл сапар өте ұнады, әлемнің дамыған мемлекеттерінің бірінің өндірістік және өнеркәсіптік кәсіпорындарымен танысып, Қытайдың мәдениеті мен тарихын танып білуге мүмкіндік алдық.










Өндіріс тынысы

Қаламқас кенорны

# ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН ІСМЕР



**«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының пайдалану қондырғыларын жөндеу-прокат цехының слесарь-жөндеушісі Өмірзақов Сисеннің мұнай саласында қызмет еткеніне аттай 30 жыл болған екен...**

Жасы алпысқа жақындап қалған мұнайшының өмірбаянын алып қарайтын болсақ, бір хикая. Сисен ағамыз 1954 жылы Түркменстанның астанасы Ашхабад қаласында Маңғыстаудағы 30-жылдар нәубетінен қашқан қасиетті қожалар әулетінде дүниеге келген. Сисеннің әкесі Медресін елді аңсап Қазақстанға қайтуды ойлайды. Сөйтіп оның таңдауы малға жайлы Қостанай облысына түседі. Бұл 1957-58 жылдар шамасы болуы керек. Сөйтіп қожа жігіт Жангелді ауданы, Қызылэскер совхозына бала-шағасымен көшіп барады. Репрессия алапатын, одан кейін 8 жыл қан майданды белшесінен кешкен Медресін Қалназаровқа көшіп-қону қиын шаруа емес-тін, үйреншікті ісіндей болатын. Осы жерге қоныс теуіп, азын-аулақ тұрғасын, 1964 жылдар болуы керек, Медресін ойға шомады: жатса да, тұрса да еске алатыны, ойлайтыны жусан иісі аңқыған киелі Маңғыстауы. Қасиетті ата-бабалардың аруағы туған топыраққа тартты да тұрды. Көп ойланбастан ақсақал «Маңғыстауым, қайдасың?» деп тағы да көшетін болып, жолға жиналады. Бұл жолы елге бағыт алады. Сөйтіп, салып отырып, туған топыраққа бұратала оралады. Жетібай кенорны жаңа-жаңа тәй-тәй басып, игеріле бастаған кез.

–Жетібайға мен 4 класс оқып жүрген кезімде көштік. Қостанайдағы біз тұрған совхозда қазақ мектебі болмай, мен, амал жоқ, орыс мектебіне баруға мәжбүр болдым. Жетібайға келіп, қазақ мектебіне ауыстым. Бұл кенорынның жаңа-жаңа игеріліп бастаған кезі. Өндіріс дүрілдеп тұр. Жетібайға да бірден үйренісіп кеттік: жазда ми қайнатар ыстығы мен өрттей шалған аптабы, қыстыгүнгі ызғырық желі «айналайыннан» артық бола бастады. Туған топырақтың ыстығы бөлек болады екен. Соншама өмірдің тезінен өткен әкеміздің көп жылғы арманы сөйтіп орындалды.

1971 жылы он класты бітіріп, Жетібайдың автобазасына жұмысқа тұрдым. Сол жерде оншақты жылдың шамасында жасадым, одан кейін 1982 жылы «Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына слесарь-жөндеуші болып кірдім. Одан кейін «Қаламқасмұнайгазға» ауыстым, мұнда да сол слесарь-жөндеушімін.

Кәсіпшілігіміз (цех) туралы айтатын болсам, біз кенорындағы ең үлкеніміз. Тоқсандай адамымыз бар. Цех бастығы Әлібек Смайылов деген жігіт, жұмысшыдан көтерілген, Маңғыстаудың баласы, қыдырша, Таушықта туып-өскен.

Негізгі атқаратын жұмысымыз – кәсіпшіліктерден келген сораптар мен задвижкаларды жөндейміз, пісіргіш (сварочный) агрегат жөндейміз. Кәсіпшілігіміздің жабдықталуы жақсы, 10 станок жұмыс жасап тұр. Кез-келген темірді керегімізше жасап алуға мүмкіндік бар.

Ұжымымызда тәжірибесі мол жұмысшылармен қатар, өндіріске енді үйреніс бастаған жастар да бар. Оларға ағалық ақылымызды, білетінімізді айтып, түсіндіріп қоямыз, – деп Сисен ағамыз әңгіме айтты.

Бір кездерде Сазды-Үштаған жерлерін мекендеген қасиетті қожалар ұрпағы Сисен ағамыз өз әулетінің тарихынан да қысқаша баяндап берді.

– Осыдан 300 жыл бұрын шамасында біздің бабамыз Назар інісі Кедеймен Хиуадан Маңғыстау қазақтарының арасына жіберілген екен. Дәстүрлі исламның, хақ исламның сақталып, өркендеген жері – осы Хиуа. Қазақтар ислам дінін ең алғашқылар болып қабылдағандар. Қазақтың арасына қожалар көптеп және де жиі келіп отырған. Назар бабамыздың келуінен бұрын да бұл жерде талай әулие-әнбиелер өмір сүрген. Біздің бабамыз – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің тіке ұрпағы, яғни біздер сейіттерміз. Назар бабамыз, тарихтан білетініміздей, Өлменбет бидің қызын алады. Одан Жания деген қыз дүниеге келеді. Сол Жания адайдың қосқұлақ руынан шыққан Мырзағұлға тұрмысқа шығып, одан Бекет дүниеге келеді. Менің әкем Медресін, оның әкесі Қалназар. Қалназар қажылыққа барған, діни сауатты кісі болған екен. Медресін 3 жасында әкесінен жетім қалады. Большевиктер әсіресе қожаларға көп тиіскен, азар берген екен. Бұлар сөйтіп Түркменстанды барып паналайды. 1942 жылы әкем Медресінді армияға шақырған. Содан 8 жыл жүріп, соғыстың алапатын басынан кешіріп, одан кейін тағы да бес жыл әскер қатарында қалып, 1950 жылы ауылға қайтады. Әкем қазір 88-де, інім Байболаттың қолында, – деп қожалар тарихынан Сисен ағамыз сыр шертті.

Сисен ағамыздың отбасының тұтқасын ұстап отырған Кенжегүл жеңгеміз қаладағы №23 мектепте әкімшілік-шаруашылық жағын басқаратын маман. Тұңғыштары Аян 1980 жылы дүниеге келді, қазір Ақтау қалалық әкімшілігінің ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімінің бастығы, 1985 жылғы қыздары Анар «Каспий Меруерті Оперейтинг Компани» компаниясында құжаттар жөніндегі маман. 1987 жылы дүниеге келген Алиналары «Кэппел Казахстан» компаниясында жоспарлау ассистенті болып жұмыс жасайды.

# МҰНАЙШЫ ДАҒЫСТАН

**«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының тағы да бір бетке ұстар жұмысшыларының бірі – Бегенов Дағыстан Хамитұлы.**



«Дағыстан» дегенде кім-кімге де теңіздің арғы бетіндегі таулы аймақ елестейтіні анық. Тілдері бір-біріне мүлдем ұқсамайтын 40 түрлі ұлт пен ұлыстың Маңғыстаудың көлеміндей жерге сыйысып отыруы да таңқаларлық жағдай. Бегенов Дағыстанның жорамалы бойынша, оның есімі қасиетті Құрани-Кәрімнен қойылған сияқты. Қалай болса да, қасиетті бабаларымыз дүниеге келген балаға жақсы ниетпен ат қоя білген ғой, шіркін! Әр сөзі алтынға бергісіз, әр амалы мен ісі – гауһарға бергісіз қасиетті шалдардың қойып кеткен есімдерін естігенде қазіргі имансыз ұрпақтың Алила-Малила деген сырты сұлу, ал мағынасы жоқ есімдерге әуес болуына кәдімгідей қынжылады екенсің. Мынадай сөз бар. Адам о дүниелік болып, Алла Тағаланың алдына барғанда, жасаған амалдары мен іс-әрекеттері сұралады екен. «Намаз оқыдың ба, садақа-зекет бердің бе, ата-ананның разылығын алдың ба, ешкімнің ала жібін аттамадың ба» деген сияқты сұрақтар. Ешбір сұраққа мардымды жауап бере алмаған пендесіне «Ең болмаса, атыңды айтшы» дейді екен сонда Жаратушым. Сол кезде есімі Құраннан қойылған болса, Алла Тағаланың кешірімі болады екен.

Дағыстан Маңғыстаудың байырғы тұрғындары отбасында, Ақшұқыр аулында 1964 жылдың дәл басында – 1 қаңтар күні дүниеге келді. Осы кезде үкімет мал шаруашылығын жолға қоя бастады да, Оңтүстік Маңғыстау, Үстірт дөңін игеру басталды. Малшы Бегенов Хамиттің отбасы да Аққұдыққа жаңадан құрылған совхозға көшіп барады. 1937 жылы дүниеге келген Хамекең 2002 жылы 65 жасында дүниеден озды.

– Мен 8 кластан кейін әкеме көмекші болдым. Содан 4 жылдай малда жүрдім. 1983 жылы жасым келіп, әскер қатарына шақырылдым, одан елге 1985 жылы оралдым. Тағы 4 жыл әкемнің қасында жұмыс жасадым. 1989 жылы Ералыға көшіп барып, малшылықты мұнайшылыққа ауыстырдым – Қаражанбасқа жұмысқа тұрдым. 2002 жылы Қаламқасқа слесарь-сантехник болып кіріп, 2006 жылы слесарь-жөндеуші болып ауыстым. Негізгі қызметіміз – шыны-пластикалық тұрбалардың жарылған-үзілген жерлерін жалғап, іске қосамыз. Мұнайды өндіру бар да, оны тасымалдау бар. Соңғы кезде коррозияға ұшырайтын темір тұрбалардан гөрі тиімді деп осы шыны-пластикалық тұрбаларды пайдаланып жатыр ғой. Менің қасымда Қағазов Ерболат, Тұрдиев Кенжебай деген екі жігіт бар – осы үшеуміз бір бригада болып жасаймыз. Шеберіміз Егезеков Қамысбай деген жігіт. Тұрбалар күндіз-түні, сірә, жарыла береді ғой. Сол кезде түн ұйқыңды бөліп жетіп барасың. Болтгайкамызды жасап беретін Агиев Ибрагим деген жігіт. Қазір кәсіпшілік бастығының орынбасары, – деп өндіріс өмірінен Дағыстан мағлұмат беріп тастады.

Маңғыстаудың 30-жылдары басынан кешірген қанды жылдары Бегеновтер әулетіне де әсер етті. Ол қанды қырғыннан аман қалған, сәрі, ешкім де жоқ-ау. Әр әулеттен кем дегенде бір адам солақай саясаттың қармағына ілінді. Дағыстанның кәкесі Сақауов Бегей «Адай көтерілісіне» қатысты деген желеумен атылып кеткен екен. Кейін ұрпақтарына зияны тиер деп, оның «Бегей» деген аты сәл өзгертіліп, балдары «Бегенов» болып жазылып кетті. Қазір облыс орталығындағы Тобанияз ескерткішінің астындағы тізімде «Сақауов Бегей» деген есімді оқысаңыз, ол осы Дағыстанның кәкесі. Алла Тағаланың мейірімінде шек жоқ қой: бір жерден алып жатса, екінші жағынан көл-көсір етіп беріп жатады. Сол атылып кеткен Бегейдің орны оңалды, Аллаға шүкір. Оның ұлы Хамиттен 9 бала өрбіді. Қазір бәрі де дін аман, шешелері Мәшен де аман-есен, Қозыбағар деген баласының қолында. Қозыбағар «Өзенмұнайгазда» оператор.

–Құранға ұйыған, иманды бабаларымыздың қадірін қазір біліп жатырмыз. Намыстарын қолдан бермеген, аруақ сыйлап өткен ата-бабаларымыздың нағыз қасиет иелері болғандығын енді түсініп жатырмыз. Кейде, қазіргі дүние қуған заманда сол кездерді аңсайды екенсің. Кеңдік те, асқар биік рух та сол шалдарда қалған екен ғой... Ендігі ұрпақтар не болар екен деп уайымдайсың. Біз аздап та болса баяғының шалдарын, олардың тәлім-тәрбиесін көріп қалдық, келер ұрпақтардың жағдайы қалай болар екен деп мұңаясың. Ашық-шашық жүрген апа-қарындастарымызды көргенде жерге кіріп кеткің келеді. Еркектің шалбарын киді, шашын тықырлатпағанмен, соған жақындатты, арақ-темекіден еркектен қалыспай жүр, осындай қарындастардан қандай ұрпақ өрбиді деп ойлайсыңыз?! Бастарына бір шаршы тартса, киімінің етек-жеңін сәл ұзартса нелері кетеді екен? Сол ақ жаулықты аналардан туылмап па едік? Шешелеріміздің нән жаулығына жармасып өспеп пе едік?! – деп Дағыстан бауырымыз бір сәт мұңын шақты.

Ақша тапсаң, тұрмысың сол бойда түзелер, ал тапталып қалған намысты қайтіп, немен көтеріп, немен түзейміз?! Осыны бір сәт ойлап қоярсыз, ағайын...

Өндіріс тынысы

Жетібай кенорны

# КЕНОРЫН ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ САҚШЫСЫ

**«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы майланған топырақты жинау және тазалау учаскесінің бастығы Алдашев Ақберген 1960 жылы Кетікте дүние есігін ашқанмен, 2 жасынан Жетібай топырағында өмір сүріп келеді, оны айтасыз, ешқайда кететін ниеті де, ойы да жоқ.**



–Әкем Алдашев Көмірші өмір бойы мұғалім болып өтті, Аллаға шүкір, қазір өмірде бар. 1962 жылы Жетібай алаңында мұнай фонтаны атып, сол алғашқы лекпен Форттан келгендердің өкілі. Мұнай табылған жерге адам қоныстанады, оның бала-шағасы болады, мектеп міндетті түрде салынады. Математика пәнінің мұғалімі болған әкеміз жаңа өндіріс орнына келіп, қоныс тепті. Содан бергі жарты ғасырдан бері Жетібайда, осы жердің дәмі бұйырды, қазір кенже інім Серікбайдың қолында, Алланың берген жасын сүріп жатыр. Біз әкемізден 8 бала өрбідік, қазір бәріміз үбірлі-шүбірліміз, Аллаға шүкір, – деп Ақберген ағамыз әңгімесін бастады.

1960 жылы туылған Ақберген 1967 жылы Ескі Жетібай кентіндегі №8 қазақ орта мектебінің табалдырығын аттайды. Мектепті 1977 жылы жақсы аяқтап, Алматыдағы ол кезде Ленин атындағы политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі. Бес жыл оқып, оны «пайдалы қазбаларды ашық игеру» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

– Содан ауылға қайттым. Бұл 1982 жыл еді. Маңғыстау мұнайының игерілгеніне жиырма жылдай уақыт болып, әлі де Одаққа тараған даңқы кете қоймаған, бірақ өндірістегі проблемалардың шоғырланып, шешімін таппай жатқан кездер. Ол кезде экономика үкіметтің қолында, сондықтан да халық шаруашылығы деп аталатын еді. Маңғыстаудың екінші байлығы деген атаққа ие болған жергілікті ұлутас тасын өндіретін Жетібайдағы карьерге жұмысқа тұрдым, «Мангышлакракушечник» деген өндірістік басқармасына. Әуелі шебер болдым, кейін учаске бастығы, бөлім бастығы болдым. Ол кезде тасқа сұраныс көп, Жаңаөзендегі қабатты үйлер, әлеуметтік нысандар – бәрі осы ұлутастан салынатын еді ғой. Қазіргідей нешебір түрлі үй тұрғызу технологиялары бізге келе қоймаған кез, негізгі құрылыс материалы – ұлутас. Сол жерде 1995 жылға дейін жұмыс жасадым, одан кейін нарықтың талабымен мекеме жабылып, карьер жекеменшікке сатылып кетті. Сөйтіп мен «Жетібаймұнайгаз» мекемесіне жұмысқа кірдім, содан бері осы мұнай саласында бір мекемеде жасап келемін, – деп мұнайшы әңгімесін жалғастырды.

1995 жылы қоршаған ортаны қорғау бөліміне инженер болып кірген Ақберген одан кейінгі жылдары ПРЦО-да майланған топырақты жинау шебері болып жасады. 2000 жылы бұл бөлім өз алдына учаске болып бөлініп шықты. Қазір Ақаң сол учаскенің бастығы.

–Өндірістік процесс кезінде топыраққа май төгіледі, экологиялық талаптарға сәйкес топырақ майдан ажыратылып, тазалануы тиіс, осы шаруа біздің мойнымызда. Арнайы қондырғыларда топырақ майдан ажыратылады. Жұмысшыларымыздың негізі, 90 пайызы десек те болады, жергілікті Жетібай тұрғындары. Барлығы учаскемізде 161 адам жұмыс жасайды, – деп Ақберген Алдашев қызмет барысы туралы осылай баяндады.

Ердің жасы елуді еңсеріп тастаған Ақберген ағамыз төрт баланың әкесі. Жолдасы Мақпал да Жетібай кенорнында қызмет етеді. Ол – асханада аспазшы. Ақберген мен Мақпалдың екі үлкен қызы тұрмыста, кіші қыздары Айгүл Алматыда КИМЭП-те студент. Ұлдары Бердібек әке-шешесінің қасында – «Жетібаймұнайгазда», машинист болып жасайды.

Қызметі де сайлы, үй ішінің тірлігі де берекелі болған адамда арман бола ма? Дей тұрғанмен, арман деген таусылмайтын сондай бір зат болады екен: Ақаңның ендігі бір арманы – ұлын ұяға ұшырсам ба дейді. Ол тілегі де қабыл болсын дегіміз келеді!

# МҰНАЙДА ӨТКЕН ШИРЕК ҒАСЫР

**«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы өндірістік-технологиялық бөлімінің 1-санаттағы мұнай және газ өндіру инженері Айман Бахтиярқызы Кенжебаеваның еңбек жолына ширек ғасыр болған екен. Және де бір ерекшелігі – оның еңбек кітапшасында бір-ақ мекеменің – «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мөрі тұр.**



1965 жылы Атырау қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген Айман мектеп бітіргеннен кейін мұнайшы мамандығын таңдады. Мұнайшылық Атырау халқына таңсық емес – бүгіндері көмірсутегі шикізаты болып табылатын қара майды бұл ел ғасырдан астам уақыт бұрын-ақ білген. Қарашүңгіл жерінде 20-ғасырдың басында қазылған алғашқы ұңғыдан Қазақстан мұнай өндіру тарихы бастау алатынын бәріміз білеміз.

1987 жылы Атырау қаласындағы мұнай техникумын мұнайшы-техник мамандығы бойынша бітірген Айман бірге оқыған құрбысы Алмагүл екеуі сол кездегі «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне жолдама алады. Жасы 20-дан сәл асқан талдырмаш қызды ол кезде «Жетыбайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына жібереді. Сөйтіп Айман жапан түз, қиянда жатқан Жетібай кенорнына келіп, ЦДНГ-2-ге 3-дәрежелі мұнай және газ операторы болып орналасып, еңбек жолын бастайды.

– Кейін 1989 жылдары Асар, Бұрмаша, Шығыс Жетібай кенорындарында участок ашылып, сол жерде ауысымдық әдіспен 6 жылдай оператор болып жұмыс жасадым. 1995 жылы өндірістік-технологиялық бөлімге ауыстым. Маңғыстаудың қатаң табиғи жағдайында, жаздың аптап ыстығында, қыста ызғыраған желдің өтінде жеті қабат жер астынан мұнай өндіріп, оны өткізу – оңай шаруа емес. Оның үстіне біздің мұнайымыз ауыр фракциялы, парафинді болып келеді. Қазіргі жетістіктеріміз шын мәнінде мұнайшылардың ерен еңбегінің арқасында болып отыр, солардың бейнетінің жемісі, – деп Айман замандасымыз өз еңбек жолынан сыр шертті.

Айман сонау техникумда оқып жүрген кездегі өндірістік практикаға Доссор кенорнына барғандарын есіне түсірді:

– 1985 жыл, Доссор кенорны, баяғы ескі качалкалар. «Осылай өмір бойы май-май болып жүреміз бе?» деп қиналғандарымыз есімде. Дегенмен оқуға түскесін жерде, оны тастамай, бітіріп шықтық. Өндірісте істеп жүріп, жоғары білім алуды мақсат қойдым. Ол мақсатыма да қол жеткіздім, – дейді Айман.

Айман өндіріске жас маман ретінде келген күннен бастап, оны аға буын, тәжірибесі мол мұнайшылар бөтенсітпей, білгендерін үйретуден жалыққан жоқ.

– Өндірісте ең бастысы – тәжірибе, сондықтан да теориялық біліммен келген жас маман басында абдырап қалады. Сол кезде қасыннан тәлім берер аға-апаларынның табылғаны қандай жақсы! Мен жас маман болып келген кезде үйретуден жалықпаған Куантқанов Серікке, Мастаев Сержанға, Атшыбаев Мақатқа, Максимова Марияға, Тілеужанов Алмажайға, Будянский Бориске, Исабай Нұржанға алғысым шексіз, – деп ой бөлісті Айман.

Өндіріс, техника мен технологиялар бір орында тұрмайды: күннен күнге даму үстіне дамып жатыр. Айман өзінің қазіргі атқаратын қызметі туралы былай дейді:

– Нысандарды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарының кураторы болғандықтан, «ОСС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, «Маңғыстаумұнайгаздың» күрделі құрылыс департментімен тығыз байланыста, қоян-қолтық жұмыс жасаймыз. Осы соңғы 10-12 жылдан бері құрылыс жұмыстарына қомақты қаржы бөлініп келеді. Қаржы болғасын құрылыс жұмыстары қарқынды жүре бастады. Соның ішінде технологиялық құбырларды ауыстыру, шыны пластикалық түрбалар жүргізу, ғимараттар, жатақханалар, асханалар салу жұмыстары, ұңғыларды жарақтандыру, жол жөндеу жұмыстары көптеп жүргізілуде. ӨТБ – басқармамыздың «жүрегі» болып саналады. Мұнда мұнай-газ өндіру, өткізу, технологиялық процестерді химияландыру, автоматтандыру, байланыс, ұңғыларды ағымды және күрделі жөндеуден өткізу, және т.б. ағымдағы жұмыстар қызу жүріп жатады.

Бүгінгі қоғамымызда әйел адамның өндіріс ісіне ер-азаматтармен бірдей араласып жүруі – жаңалық емес. Отбасының тіршілін ұйытып отырып, өндірісте де тындырымды қызмет ететін апа-сіңлілерімізге шын мәнінде сүйсінуге болады. Айманның өмірлік серігі – Бейімбет Төлешев деген замандасымыз, тегі Жетібайлық, кішкентай қыздары Ақниет биыл, құдай қаласа, мектеп табалдырығын аттайды. Айман жақсы жар мен ардақты ана болғанына қоса ене бағып отырған ибалы келін.

– Барлық ұжымдас, замандас, отандастарыма еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын дегім келеді, – деп сөз соңында Айман өзінің ақ ниетін жеткізді.



# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТАР ЖАҚСЫ КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАУДА

**Жазғы демалыс – жас жеткіншектердің асыға күтетін шағы болып есептеледі. Ағымдағы жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің 1350-ден астам балалары Қазақстан, Украина, Түркияның ең таңдаулы лагерлерінде демалуға мүмкіндік алды. Олардың кейбірі сауықтыру орталықтарына барып үлгерсе, енді біреулері жолға қамданып жүр.**







24 маусымда «Алау» балалар сауықтыру лагерінде алғашқы жаздық маусымның салтанатты түрде ашылуы болып өтті. Лагерьдің биылғы жылға 25-жылдық мерейтойы сәйкес келіп отыр және лагерь директоры ашылу салтанатында сөйлеген құттықтау сөзінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің көпшілігі де кезінде осы орталықта демалғандарын да атап өтті.

Балалар сап түзеп, тәлімгерлері ант бергеннен кейін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді. Балалар үлкендермен қосылып еліміздің Әнұранын шырқады.

-Құрметті балалар, сіздерді жазғы маусымның басталуымен құттықтаймын,- деді Серік Избосынов. – Осы екі апта демалыста сіздер жаңа достар тауып, демалысты өте қуанышты өткізеді деп сенемін. Ал біз өз кезегімізде демалыстардың ұмытылмастай есте қалуы үшін барлық жағдайларды жасауға уәде береміз. Салтанатты рәсімнің ресми бөлімі аяқталған соң лагерь тәрбиеленушілерінің әзірлеген концерттік бағдарламасына кезек берілді. Балалардың маусым ашылуына тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұрды. Шалқыған ән, мың бұралған бишілер, күлдіргі қойылымдар қойылды және қазақ халық күйлері орындалып, әндері шырқалды, өлеңдер оқылды. Кештің ең басты жаңалығы - «Алау» балалар сауықтыру лагерінің гимні айтылып, алау жағылды.

15 күн бойына балаларды спорттық және мәдени - ойын-сауық бағдарламалары, соның ішінде – мини-футбол, баскетбол, волейболдан турнирлер, қызықты әрі танымдық кинофильмдер көру, әртүрлі интеллектуалдық жарыстар, музыкалық жарыстар, би кештері және тағы да басқа қызықтар күтуде. Балалар құрамында жас көкеністер мен жемістері бар бес уақыт бай менюлі тамақпен қамтылған.

## «Банана Клаб» Аланья (Түркия)









Аз уақыт ішінде түрік «Банана Клаб» Аланья (Түркия) лагерінде демалып қайтқан балалардың алғашқы легі де келіп жеткені белгілі болды. Балаларды Түркияға бастап барған ӘМжӘДД әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Ұ.Сариева былайша әңгімелейді.

-Ақтаудан ұшқан ұшақ Антальяға келіп қонғанда, бізді лагерь өкілдері күтіп тұрды, - дейді ол. – Антальядан автобуспен 2,5 сағаттық жердегі Аланья деген жерге жеттік. Біздерді лагерь аумағындағы қонақүйлерге орналастырды, мұнда ер балалар мен қыз балаларға бөлек секциялар қарастырылған. Ал тамақтануға келсек, қонақүйден бес минуттық жердегі мейрамханадан күніне үш рет ас ішеміз. Тамақ «швед үстелі» типінде, яғни әр бала не жегісі келсе, соны алуға мүмкіндігі бар. Меню құрамында да барлық құнарлы тағамдар қарастырылған. Мәдени – ойын-сауық бағдарламасында таңдауға екі экскурсия бар. Мысалы біз, яхтамен теңізде серуендеуді таңдадық. Серуен кезінде балалар теңіз қарақшыларының киімдерін киіп, әртүрлі ойындар ойнады. Жол көрсетушілер бізге Түркияның әдемі жерлерін көрсете отырып, жергілікті халық арасында таралған аңыздар және түрік халқының тарихы туралы да әңгімелеп беруді ұмытқан жоқ. Құтқарушы жилеттер киген балалар қалағанынша яхтадан тура теңізге түсуге мүмкіндік алды. Орманда да әртүрлі ойындар, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, нұсқаушылар балалармен бірге табиғат аясында кәуап пісірді. Сондай ақ қаланы автобуспен аралап таныстыру экскурсиясы болды. Ата-аналарға бір экскурсияның құны 35 доллар болғанын айта кеткіміз келеді. Дельфинарий көруге, рафтингте өз күшінді сынап көруге де мүмкіндік болды. Жалпылай алғанда бір балаға 150 доллар жеткілікті, себебі ақылы экскурсияларды қоспағанда, дүкендерді аралау тағы бар, балалар естелік сыйлықтар алғысы келеді және т.б. «Банана Клаб» лагерінде бос уақыттарында балалар хауызда суға түсті, аниматорлармен жаттықты. Лагерьде бізбен бірге Жаңаөзен, Алматы, Орал қалалары мен Ресейден де келген балалар демалды, олармен бір қонақүйде тұрғандықтан, біздің балаларымыз тек демалып қана қоймай өзге қалалардан жаңа достар тапты. Демалыстың ұнағаны соншалық, балалар келесі жылы да осы лагерьге қайтып келуді өтініп жатты. Қысқаша айтқанда, Түркиядағы демалыс өте керемет өтті десек болады!

Балалардың тағы бір тобы «Ласпи» (Қырым) балалар сауықтыру лагерінен оралды. Демалыс кезінде балалар дельфинарий, зоопарктерге барып, теңізде катермен серуендеген, Севастополь және Ялтада болған.

- Әрбір күн қызыққа толы болды, - дейді «Жетібайұнайгаз» ӨБ әлеуметтік мәселелер тобының жетекшісі Х.Жакупов. – Таңертең ерте денешынықтыру жаттығуларынан соң теңіз, тау, қаланың жергілікті назар аударарлық жерлерін аралату басталады. Мысалы, Севастопольде біз ашық аспан астындағы мұражай – Ұлы Отан соғысы заманынан қалған соғыс құралдары, танкілер бар жерде болдық. Бұл танымдық экскурсия болды. Балалар үшін алты мезгіл тамақтану көзделген. Балалардың көңілінен шықты деп ойлаймын. Сондай ақ күн сайын отрядтар арасында спорттық жарыстар, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып отырды. Осы ретте біздің бірнеше балаларымыз мақтау қағаздарын алғанын айтқымыз келеді. Бізбен бірге «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің елу баласы да бірге демалды. Балалар бір-бірімен танысып, телефон нөмірлерін алмасты, яғни жаңа достар тапты. Менің ойымша балалар Қырымдағы демалыстарын ешқашан ұмытпайды, олар тәрбиешілерімен де қимастықпен қоштасты.

## «Ласпи» (Қырым)







# ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ БҰЛ ТАЛАПТАРДЫ «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ САҚТАУЫ

Өндірістік қалдықтармен жұмыс істеу талаптары жылдан жылға қатаң күшейтілуде, тек соңғы екі ай ішінде ҚР Экологиялық Кодексінде түбегейлі өзгерістер енгізілді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары Қазақстан Республикасының өзекті экологиялық мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда, қалдықтардың нақты анықталған көлемі туралы мәлімет жоқ, әртүрлі ақпарат көздерінде бұл көрсеткіш 15 тен 28 млрд.тоннаға дейін жетеді.

Қазақстан өнеркәсіптеріндегі қалдықтардың жылдық құрылуы 600 млн. тоннаға дейін жетеді. Соның ішінде тек 3 пайызы ғана қайта өңделіп пайдаға асырылады.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі көлемі түрлерге ажыратылмаған күйінде Қазақстан Республикасының санитарлық және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес келмейтін ашықтан-ашық қоқыс жинайтын жерлерде орналастырылады. Олардың орналасуы мен жайғасуы жұмыс жобаларысыз және қоршаған ортаға әсерінің бағасы жүзеге асырылмаған жағдайларда іске асырыла береді.

Маңғыстау облысында табиғат пайдаланушылар қалдықтарды жою не қалпына келтіру мәселесін шешу мақсатында қалдықтардың көп бөлігін қалдықтармен жұмыс істейтін арнайы ұйымдарға тапсырады. Мысалы полигондары бар «Ландфил» ЖШС, «Көктем» ЖШС, «Мұнайшы Сервис» ЖШС және т.б. арнайы ұйымдарға келісім шарт негізінде тапсырылады, бірақ қазіргі таңда аталған ұйымдарда қабылданған қалдықтарды қайта өңдеу, қалпына келтіру қондырғылары, кейде тіпті жұмыс жобасы да болмайды, осылайша олар ҚР Экологиялық Кодексінің 43-тарауының талаптарына сәйкес келмей жатады.

Табиғат пайдаланушылар қалдықтарды арнайы ұйымдарға беру арқылы, өнеркәсіптер қалдықтардың құрылу көлемін азайтып, аз да болса ҚР ЭК 1 бабы, 1 тармағы, 31-тармақшасының талаптарымен анықталған мәселелерді шешуге тырысады.

Егер ҚР Экологиялық Кодексіне сүйенетін болсақ, қалдықтармен жұмыс істеудің негізгі талаптары 4 тарауда қарастырылған:

- 41 Тарау. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының меншік құқығын анықтаудың экологиялық талаптары;
- 42 Тарау. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеуде қойлатын экологиялық талаптар;
- 43 Тарау. Қалдықтарды көму полигондарына және ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылатын экологиялық талаптар;
- 44 Тарау. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму пунктеріне қойылатын экологиялық талаптар.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінде келесі қалдық түрлері анықталған:

**1. Өндіріс және тұтыну қалдықтары**- өндіріс және тұтыну барысында құралған материалдар, тамақ және шикі зат қалдықтары, сонымен қатар өз тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер); Мысалы, өндірістік басқармаларда түзілетін қалдықтардың негізі бөлігі: қатты күйдегі коммуналды қалдықтар, мұнаймен ластанған топырақтар, шлам, жылу сақтау қалдықтары, пайдаланылған электродтар, металл қалдықтары, пайдаланылған ыдыстар, бояғыш заттар қалдықтары, пайдаланылған люминесцентті шамдар, майланған шүберектер, қайта қалпына келтіру және пайдаға асыруды қажет ететін пайдаланылған майлар мен көптеген өзге де қалдықтар.

**2. Радиоактивті қалдықтар** - мөлшері мен шоғырлануы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәндерден асатын радиоактивті заттары бар қалдықтар.

Қалдықтармен жұмыс істеуде қойлатын Экологиялық Кодекстің талаптарын шартты түрде үш бөлімге бөлуге болады:

**«Қалдықтардың құрылуына дейін»** - қалдықтардың құрылуына дейін атқарылуы тиіс, жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттері барысында түзілетін қалдықтарға қойылатын талаптар;

**«Қалдықтар құралғаннан кейін»** - қалдықтар құрылғаннан кейін атқарылуы тиіс, жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттері барысында түзілген қалдықтарға қойылатын талаптар. Бұл талаптар қалдықтарды жинақтау, сонымен қатар құралған қалдықтарды жинау, қайта қалпына келтіру, пайдаға асыру, зиянсыздандыру, тасымалдау және сақтауға қойылатын талаптарды да қамтиды;

**«Қалдықтарды көму немесе ұзақ сақтау»** - қалдықтарды көму немесе ұзақ сақтау кезінде атқарылуы тиіс, жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттері барысында түзілген қалдықтарға қатысты экологиялық талаптар.

**«Қалдықтардың пайда болуына дейін» экологиялық талаптар**

Өндірістік процестер барысында қалдықтар түзілетін өнеркәсіптер үшін қойылатын негізгі экологиялық талаптар қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламаларын құрастыруға және қалдықтардың түзілу, жинау және оларды сақтауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар экологияға зиянды әсерін азайтуға арналған әртүрлі іс-шаралар өткізуге бағытталған. Сонымен, қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты іс-шараларды жобалау жұмыстарын жүргізу үшін ҚР Экологиялық Кодексі 290-бабына сәйкес экологиялық талаптар қойылады.

Пайдалану процесінде қалдықтар құралатын объектілерді жобалау кезінде:

1) жобалау құжаттамасының құрамдас бөлігі ретінде қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды ескеру;

3) қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі техникалық және технологиялық құжаттама әзірлеу қажет.

2. Тұрғын үй ғимараттарын, сондай-ақ пайдалану процесінде қалдықтар құралатын өндірістік кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қызметі саласындағы мемлекеттік орган белгілейтін **қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ережелерге, нормативтер мен талаптарға сәйкес осындай қалдықтарды жинауға арналған орындар (алаңдар) көзделуі қажет.**

Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасын («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі) жасау сатысында қалдықтардың түзілу көлемі есептеледі, қауіптілік деңгейі, оларды орналастыру орындары, жою жолдары қарастырылады.

**«Қалдықтар құралғанан кейінгі» экологиялық талаптар**

Өзіміз білетіндей, қалдықтардың көп бөлігі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ полигондарына орналастырылады, қалған бөлігі келісім шарт негізінде шығарылады.

ҚР ЭК 283-бабының 1-тармағына сәйкес өндіріс және тұтыну қалдықтары құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың меншік иелері болып табылады және қалдықтар құралған кезден бастап олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады. Әрине, түсінікті, өнеркәсіп аталған қалдықтардың иесі болып саналады, өйткені олар өндірістің жұмыс жасау барысында қалыптасады.

Олай болса, қалдықтарды шығару, жою үшін жасалған келісім шарттар қалдықтарды жинау, пайдаға асыру, орналастыру немесе жою процестерімен айналысатын субъектілердің меншігіне өткендігін растайтын құжат ретінде қарастырылады ма? Ия, бұл ЭК 283-бабының 2-тармағында қалдықтарға меншік құқығын басқа тұлға сатып алу-сату, айырбастау, сыйға беру шартының немесе қалдықтарды иеліктен шығару туралы өзге де мәміле негізінде алуы мүмкіндігі айқындалған.

Егер қалдықтар келісім шарт негізінде екінші бір тұлғаға берілсе, қалдықтардың меншілік иелігі де сол тұлғаға ауысады. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының меншікті иесі туралы мәселелер ҚР ЭК 41-тарауында нақты айқындалған.

Біздің жағдайымызда, келісім-шарт бекітілгеннен бастап «КазСтилАктау» ЖШС, «МАЭК Казатомпром» ЖШС, «Ланфилд» ЖШС және т.б. қалдықтардың меншікті иесі болып саналады.

**Қалдықтарды көму үшін қойылатын экологиялық талаптар**

Қалдықтардың көп бөлігі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ территориясында полигондарда жиналады. Полигондарға қалдықтарды қабылдауға қатысты экологиялық заңнамалар талаптары қатаң күшеюде, мысалы полигон қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған болса, тек қана тұрмыстық қалдықтар қабылдануы тиіс, егер полигон мұнаймен ластанған топыраққа арналған болса тек қана мұнаймен ластанған топырақ қабылдануы тиіс.

Өндіріс қалдықтарын көму арнайы көмуге арналған полигондардарда жүргізіледі. Полигондарға қабылданатын қалдықтар **экологиялық рұқсатпен расталатын құжатта** көрсетілген болуы қажет, болмаған жағдайда заңға қайшы болып саналады.

Полигондардың экологиялық заңнамалар талаптарына сәйкес болуына жауапкершілік полигонның меншік иесіне жүктеледі, өйткені ол полигондарға қалдықтардың түріне, қауіптілігіне байланысты қабылдау жүргізеді:

1 класс – қауіпті қалдықтарды орналастыру полигоны;

2 класс – қауіпсіз қалдықтарды орналастыру полигоны;

3 класс – тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру полигоны.

Полигонның иесі қоршаған ортаға әсерін бағалау мониторингі, сонымен қатар полигонды жабу және оны рекультивациялау іс-шараларын атқаруы қажет.

**Қалдықтармен жұмыс істеудің экологиялық талаптары және олардың жіктелуі.**

Қалдықтар қауіптілік деңгейіне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

1. Қауіпті қалдықтар - құрамында қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылыс қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар болатын, дербес немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде қоршаған ортаға және адам денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қалдықтар;

2. Қауіпті емес қалдықтар - қауіпті қасиеттерге ие емес қалдықтар.

Радиоактивті қалдықтардың жіктелуі радионуклеидтердің жартылай ыдырау кезеңіне және радиактивтілік деңгейіне, олардың агрегаттық күйі мен шығу тегіне (құрылу көздері) негізделеді.

ҚР ЭК 287-бабы 2-тармағына сәйкес қауіпті қалдықтардың 3 деңгейі анықталады:

1. Жасыл- G индексі
2. Янтарь түсті-A индексі
3. Қызыл- R индексі

Қалдықтардың қауіпті деңгейін анықтау және қалдықтарды кодтау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бекітілген қалдықтардың жіктелуі (классификатор) негізінде анықталады.

Қалдықтардың меншік иесі барлық қауіпті қалдықтар үшін төлқұжат (паспорт) рәсімдеуге міндетті. Қауіпті қалдықтар төлқұжаттары мемлекеттік тіркеуге жолданады. Қауіпті қалдықтардың меншік иесі қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың бумасын таңбалауды қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай қалдықтарды


«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының қалдықтарға арналған жәшіктер үлгілері

басқа тұлғаларға белгілі бір мерзімге берген кезде қалдықтардың меншік иесі оларды осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы және олармен жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Сонымен бірге, қалдықты тасымалдаушы жеке тұлғаға немесе кәсіпорынға қалдық төлқұжатының көшірмесі тапсырылуы қажет. ҚР ЭК 294-бабы 5-тармағына сәйкес қалдықтар көлік құралына тиелген және оларды қабылдап алған кезден бастап осы көлік құралы тиесілі көлік ұйымы немесе қабылдап алған адам қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

Экологиялық заңнамалармен күшейтілген өндірістік қалдықтармен жұмыс істеу талаптары "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ өндірістік нысандарында көбіне-көп сақталмайды, атап айтқанда ҚР заңнамасына сәйкес әр түрлі қалдық түрлерін араластыруға тыйым салынады, қалдық пайда болған жерден бастап түріне байланысты бір-бірінен ажыратылуы қажет, мысалы:

- Дәнекерлеу жұмысы кезінде пайда болған пайдаланылған электродтардың қалдықтарын жұмысшы арнайы қалдық жәшігіне (контейнер) орналастыру қажет. Қалдықтарды орналастыру ыдыстарының барлығы мақсатына байланысты аталуы қажет, мысалы «Пайдаланылған электродтар», «Майланған шүберектер», «ҚТҚ» және т.б.;
- Жерге мұнай төгіліп, топырақ мұнаймен ластанды делік, тез арада топырақтың мұнаймен ластанған бөлігін кесіп алып, полигонға апару керек. Ал цехтар көп жағдайда ластанған топырақ бетін көміп, одан әрі ластанған топырақ көлемін көбейтеді;
- ҚТҚ жинақталатын жәшіктерде майланған шүберектер, пайдаланылған люминесцентті шамдар, бояғыш заттардың бос ыдыстары және т.б. кездеседі, кейін оның барлығы ҚТҚ полигонына жіберіледі. Өкінішке орай, ҚТҚ полигоны заман талабына сай емес, қалдықтар түрлеріне қарай іріктелмейді және полигон қазіргі уақыттағы қатаң талаптардың жоқ кезінде құрылған.

Қорыта келе, біздің ауданымызда қалдықтарды қайта өңдеп, оларды екінші реттік шикі заттар ретінде пайдаланатын ұйымдар аз болуына байланысты қалдықтармен жұмыс істеудегі мәселелердің маңыздылығын атап кету керек. Сол себепті біз бірлесе отырып, Қоғам басшыларының қолдауымен нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет. Атқарылатын жұмыстар өте көп, бірақ оның барлығын жалғыз қоршаған ортаны қорғау қызметінің орындауына қиынға соғады. Сондықтан еңбек етуші әр қызметкердің түсінігі қалыптасуы қажет, мысалы, асханадан алынған бөтелкедегі су немесе қораптағы айранды алып, босаған ыдыстарын қандай қоқыс жәшігіне салу туралы ойлау керек. Яғни, **тазалық және тәртіп өзіміз еңбек етіп отырған мекемеміздің келбеті.**

Қалдықтармен жұмыс істеудің біртұтас жүйесін, қалдықтарды есепке алу бағдарламалары, нұсқаулықтар мен бақылау, басқару рәсімдерін құрастырып, өндіріске ендіру қажет. Осы бағытта кейбір департаменттер (**СжәнеМТЖ департаменті**) мен **«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы**алғашқы қадамдарды бастап та кетті, ендігі кезекте қоқыс қалдықтарының жәшіктерін бос қалдырмай, мақсатына қарай қалдықтарды сәйкес қоқыс жәшігіне орналастыра білу керек.

**Екибаева Жаннат Егізбайқызы,**
**қоршаған ортаны қорғау қызметінің бастығы**

# Жедел ішек жұқпалы инфекциялары туралы кеңес

**Жедел ішек жұқпалы ауруының кезеңдік көтерілуіне байланысты Маңғыстау облыстық МСЭҚК департаментінің бұйрығымен ӘМжӘДД медсанитарлық бөлімі мамандарының қатысуымен жедел ішек ауруларының алдын алу бойынша арнайы штаб құрылған. Осы штаб - өзінің құрылған жоспары бойынша халық арасында санитарлық эпидемияға қарсы бірқатар іс-шараларды тағайындаған. Соның ішінде санитарлық-ағарту, мекеме қызметкерлерінің арасында семинарлар өткізу, науқасқа жеке кеңес беру, сан-бюллетеньдер шығару, газет журналдарға мақала жазу сияқты бірнеше мәселелерді қамтиды. Осы орайда біз, жедел жұқпалы ішек аурулары туралы жалпы түсінік бере отырып, одан сақтану жолдары туралы да кеңес беруді жөн көрдік.**

Жедел ішек жұқпалы инфекциялары – бактериялар, вирустар және қарапайым микроорганизмдер арқылы жұғатын аурулардың үлкен бір тобы. Жедел ішек жұқпалы инфекциясы жеке және қоғамдық гигиенаны сақтамау салдарынан болады.

Соның ішінде:

- ластанған тұрмыстық заттар, лас қолдар, балаларға – ластанған ойыншықтар және лас емізік арқылы;
- жуылмаған көкөністер және жемістерді пайдалану, дұрыс өңделмеген және сапасыз тағам өнімдерін қолданған кезде;
- лас және қайнамаған су ішкен кезде, ашық су қоймаларында шомылғанда.

Жаздың келуімен қатар осы аурудың да көбейе түсетінін есте сақтау керек. Бұл ауру жас балалардың арасында, әсіресе 1 жасқа дейінгі нәресте балаларда жиі кездеседі.

Аурудың негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің нашарлауы;
- іш ету, құсу, іштің кебуі;
- құрсақтың ауруы;
- мазасыздану, шөлдеу, көздің шүңірейуі.

Егерде осы ауру белгілерін байқаған болсаңыз:

1. Сұйықтықты әдеттегіден көбірек ішу керек. Егер бала тек қана ана сүтімен тамақтанатын болса, емізуді жиілету керек.

2. Сулы-тұзды ерітінді (ОРС), қайнап салқындатылған су, күріш суын аз-аздан жиі-жиі берген жөн. Бала сұйықтықты қанша ішкісі келсе, сонша шектеусіз беру керек.

Бала 2 жасқа толмаған болса әрбір 1-2 минуттан соң ерітіндіні (ОРС пакет) 1 шай қасықпен беріп отырыңыз. Ересек балаларға ерітіндіні кеседен жиі-жиі ішкізіңіз. Егер бала құсса, 10 минут күте тұрыңыз, одан кейін ерітіндіні ішкізуді қайта жайлап жалғастыру керек (әрбір 2-3 минуттан соң 1 шай қасық).

3. Әркез жаңа пісірілген тамақ ішу керек. Тамақтарды балаларға берерде әбден езіп, ұнтақтап беріңіз. Тамақты аз-аздан күніне 6 реттен кем ішпеу керек.

4. Ауырған кезеңде қанты көп сусындарды, мысалы, жеміс шырындарын ішпеңіз, балаларға бермеңіз, себебі аурудың жағдайын нашарлатады.

Іш өтіп бастаған кезден бастап «Смекта» ұнтағын суға езіп пайдалануға болады. Егер температура 39 градустан жоғары болса парацетамол типіндегі дәрі қолдануға болады.

Антибиотиктер тек қана дәрігердің тағайындауымен берілуі тиіс.

Осыларды пайдаланғаннан кейін де іш өтуі тоқтамайтын болса медицина қызметкерлеріне бару керек.

Төмендегі қарапайым дағдыларды орындау арқылы жұқпалы ішек инфекция ауруларының алдын алуға болады:

- шөлмектегі, дестедегі сүтті қайнатып ішіңіздер;
- көкөністерді, жеміс-жидектерді мұқият жуыңыздар;
- теңізге барғанда, арнайы белгіленген жерлерде ғана суға түсіңіздер;
- түнде ыдысты, дайын тамақты ашық қалдырмаңыздар.

Ата-аналар!

Өздеріңіз ем тағайындамаңыздар, іш өтудің қауіпті даму белгілерін жіберіп алмауыңызды ескеріңіздер және дәрігерге уақытында көрініңіздер!

**Жүсіпова Күміс Қыдырбайқызы,**
**ӘМжӘДД МСБ дәрігер-терапевті**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 55 жас

Аяғанова Сәрсенбибі Лекенқызы – 24 шілде, МжМӨД, жабдықтарды жиынтықтау жөніндегі аға инженер

## 50 жас

Есербаев Асқар Қонысбайұлы – 1 шілде, МГӨБ-2 мұнай-газ өндіру операторы
Бүркітбаев Нәубет Мақсатұлы – 4 шілде, САжМТЖД, қойма меңгерушісі
Шабық Саламат Темірұлы – 5 шілде, САжМТЖД, тиегіш жүргізуші
Ыбырай Ұлықпан Жалғасұлы – 5 шілде, КД, автомобиль жүргізушісі
Сулейманова Хакумат Башировна – 5 шілде, ӘМжӘДД, мұздатқыш қондырғыларының машинисі
Казаков Андрей Георгиевич – 8 шілде, ҚК, бөлім бастығы
Жұмабаев Сәбит Ақмұратұлы – 9 шілде, МГӨБ-3 слесарь-жөндеуші
Райсов Жұмабай Райсович – 11 шілде, САжМТЖД, тиеу-түсіру жұмыстарының шебері
Балмағамбетов Бақыт Сәуірұлы – 12 шілде, МГӨБ-3 слесарь-жөндеуші
Қауманов Аманқос Адинович – 20 шілде, МГӨБ-2 мұнай-газ өндіру операторы
Өтепбергенова Маңдайлы Хайырқанқызы – 25 шілде, САжМТЖД, инженер
Өмірзақова Әріп Бекімқызы – 27 шілде, ӘМжӘДД, медбике
Шалабаев Мыңберген Түйешұлы – 29 шілде, МГӨБ-3 слесарь-жөндеуші
Сисембиева Ғазиза Сусамырқызы – 29 шілде, ӘМжӘДД, қоймашы

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | | |
|---|---|---|
| Мөрмен куәландырылатын құжаттар тізбесі | – | Перечень документов, заверяемых печатью |
| Актілер (нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлері) | – | Акты (нормативные правовые основного вида) |
| Актілер (тексерулер мен ревизиялардың, құрылысы аяқталған объектілердің, жабдықтардың, шығынға жазудың, сараптамалардың, істерді тапсырудың, мөрлер мен мөртаңбалардың, қатаң есепте тұрған құжаттарды, істерді және бланкілерді жоюдың, ұйымдарды таратудың және т.б. актілері) | – | Акты (проверок и ревизий, приема законченных строительных объектов, оборудования, списания, экспертизы, передачи дел, печатей и штампов, уничтожения документов, дел и бланков строгой отчетности, ликвидации организаций и т.п.) |
| Баланстар (бухгалтерлік, тарату, бөлу, беру және т.б. баланстары) | – | Балансы (бухгалтерские, ликвидационные, разделительные, передаточные и т.п.) |
| Ведомостттер (инвентаризация, бағаны өзгерту, негізгі құралдардың бағасын белгілеу, аттестация өткізу және қызметкерлердің біліктілігін белгілеу, есеп айырысу-төлем және т.б. ведомостері) | – | Ведомости (инвентаризационные, переоценки и определения оценки основных средств, проведения аттестации и установления квалификации сотрудников, расчетно-платежные и т.п.) |
| Өзге ұйымдар мен азаматтарға жолданатын үзінді көшірмелер (бұйрықтардан, өкімдерден, шешімдерден, хаттамалардан және т.б.) | – | Выписки (из приказов, распоряжений, решений, протоколов и т.п.), направляемые в другие организации или гражданам |
| Сенімхаттар (ақшалай сомаларды, тауарлық-материалдық құндылықтарды алуға арналған, нотариалдық сипаттағы және т.б.) | – | Доверенности (на получение денежных сумм, товарно-материальных ценностей, нотариального характера и т.п.) |
| Шарттар (материалдық-техникалық жабдықтауға байланысты, жұмыс жүргізу туралы, орын-жайларды жалға беру туралы, жеткізу туралы, халықаралық ынтымақтастық жөнінде, материалдық жауапкершілік туралы, шаруашылық туралы және т.б.) | – | Договоры (на материально-техническое снабжение, о производстве работ, об аренде помещений, о поставках, о подрядах, о научно-техническом сотрудничестве, о международном сотрудничестве, о материальной ответственности, хозяйственности и т.п.) |
| Екі немесе одан да көп ұйымдар бірігіп жасаған ұйымдық-құқықтық құжаттар | – | Документы организационно-распорядительные, разработанные двумя или более организациями |
| Өзге ұйымдарға жолданатын білдірмелер (төтенше жағдайлар туралы, салық түсімдері жайлы, қоршаған ортаның санитарлық жағдайы жөнінде және т.б.) | – | Донесения (о чрезвычайных ситуациях, налоговых поступлениях, санитарном состоянии окружающей среды и т.п.), направляемые в другие организации |
| Өзге ұйымдарға немесе азаматтарға жолданатын ресми ескертпелер (сараптамалық, сараптамалық-талдау, ғылыми сипаттағы және т.б.) | – | Замечания официальные (экспертные, экспертно-аналитические, научные и т.п.), направляемые в другие организации |
| Өзге ұйымдарға немесе азаматтарға жолданатын ресми хабарламалар | – | Извещения официальные, направляемые в другие организации или гражданам |

**Жансая на прошедших в июне турнирах в Москве и Алуште, выполнила норму международного гроссмейстера, подняв свой рейтинг в двух турнирах на 102 пункта, тем самым став самым молодым гроссмейстером в мире. Теперь она ставит перед собой задачу к концу года войти в Топ-100 лучших шахматисток мира. Отметим, что сейчас юный вундеркинд занимает 677-е место в рейтинге FIDE. В свои 12 лет Жансая является четырехкратной чемпионкой мира, а также мастером международного класса.**

# ЖАНСАЯ АБДУМАЛИК –

## СТАЛА САМЫМ ЮНЫМ ГРОССМЕЙСТЕРОМ В МИРЕ



Играть Жансая начала в шесть лет, а сегодня она легко обыгрывает спортсменов гораздо старше себя.

- Первую гроссмейстерскую норму она выполнила год назад на чемпионате Азии в Индонезии, - рассказывает папа **Данияр Апиров**. - Ей тогда было 11 лет 5 месяцев. Но для получения звания нужно было выполнить еще две нормы, которые она сделала в этом году. То есть ей необходимо было сыграть на турнирах с участием гроссмейстеров международного класса и набрать как можно больше очков. Жансая прекрасно справилась с задачей и стала самым юным гроссмейстером.

Несмотря на то, что на дворе каникулы, шахматное дарование усиленно готовится к чемпионату мира, который пройдет в Афинах в августе. Последние три месяца с ней занимается **личный тренер Гарри Каспарова Александр Никитин.**

- Новый наставник в полном восторге от Жансаи, - говорит Данияр. - Правда, он считает, что она слишком много занимается и старается давать ей меньше нагрузок. Просто он ее еще не знает хорошо, потому, что на самом деле Жансая привыкла к такому ритму жизни.

- Я не устаю от шахмат, - продолжает разговор Жансая. - Играть мне доставляет удовольствие. К тому же я всегда могу пойти погулять, пообщаться с друзьями. В свободное время люблю рисовать.

**- Ты стала самым юным гроссмейстером. Какие ощущения?**

- Приятные, но останавливаться на достигнутом не собираюсь. Моя цель - стать чемпионкой мира среди женщин. Думаю, года через два можно будет побороться за это звание.

**- Когда начинала играть в шахматы, думала, что достигнешь таких результатов?**

- Я тогда маленькая была, но, сыграв на первом серьезном турнире в семь лет, задумалась об этом. Мне тогда захотелось побеждать.

**- Как-то в интервью ты сказала, что раньше, когда проигрывала, то плакала. Сейчас научилась справляться с эмоциями?**

- Стараюсь, потому что эмоции мешают игре. Хотя бывает, что от обиды плакать хочется. Например, в 2011 году на турнире в Индонезии играла с гроссмейстером, вела всю партию, но в итоге проиграла. Почему? Встреча длилась пять часов, и я просто устала. Каждое поражение потом обсуждаю с папой и стараюсь больше таких ошибок не делать.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілiп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 736